

Дағдарыс жағдайындағы инвестициялық жобалар

Сатанбаева А.Ө.

Наше будущее зависит от дальнейшей модернизации экономики и развития базовой инфраструктуры. Для этого государство продолжает финансирование и реализацию действующих перспективных инвестиционных проектов. Реализация инвестиционных проектов обеспечивает непрерывную работу экономики страны в кризисных условиях.

Our future depends on modernization of economy and base infrastructure developing. The state proceeds financing and realization of working perspective investment projects with this purpose. The realization of investment projects provides continuous work of country economy in crisis situations.

Қазақстан ғаламдық экономикалық дағдарыстың басталуына дейін 90% астам компаниялар мемлекеттен несие арқылы қаржыландырылған болатын. Шет елдерден алынған ресурстар қазақстандық банктердің өтімділік мәселесінің пайда болуына байланысты соңғы екі-үш жылда орта есеппен 30% қымбаттағанына байланысты қазақстандық қарыздың несие мөлшерлемесінде бейнеленген болса, сонымен қатар, оның өсу қарқынында да бейнеленген, орта есеппен 50 пайыздан 70 пайызға дейін түсті. Көптеген кәсіпкерлердің бизнесі үшін азат ақшалай қаражатынан кесіп тасталынған болды. Осыдан, қазақстандық компаниялар арасында осы уақытқа дейін таралған тікелей қаржыландыру аумағындағы әлсіз қаржы құралдарына сұраныс көбейді. Осыған байланысты, экономикалық дағдарыс кезіндегі айналымын жиып жатқан, қаржы нарығының институционалды дамуында басымдылық беру мағынасында, қаржы ұйымдары ауыстыруға емес, Қазақстан экономикасын сапалы дамытуына және кейінгі диверсификация үшін негізін берік құру жөнінде мемлекет жаңа ресурстарды құруға шешім қабылдады. Осындай ұйымдардың бірі 2007 жылы «ФНБ «Самұрық-Қазына» АҚ компания топтар байланысында құрылған «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ – мемлекетте тікелей қаржыландыруды дамытуға қолғабыс берудегі қазақстандық қорлардың Қоры болып табылады. Қазақстанда тікелей қаржыландыру инфрақұрылымын құру маңыздылығын ерекше айтуға болады. Тікелей қаржыландыру қорларының негізгі мақсаты компанияның басқару тәжірибесі арқасында қаржыландыруды ұлғайту.

Мемлекет дағдарыстың алдын алудың барлық шараларын жасауда. Ұлттық қордан бөлінген ақымды қаражат қазір отандық экономиканың үздіксіз жұмыс істеуіне қызмет ете бастады.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін банктерге қосымша өтімділік берілді. Бұл шағын және орта бизнестің, ірі кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ету үшін жасалуда.

Жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілді өтеудің соммасы 700 мыңнан 5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Мемлекет сыртқы қарыз алумен және меншік капиталының жеткіліктілігімен байланысты банк секторының тәуекелділігін төмендетуге көмектесті.

Тұрғын үй құрылысына және үлескерлер мәселесін шешуге қолдау білдіруге 545 миллиард теңге жұмсалды.

Елде іскерлік белсенділігін сақтау үшін шағын және орта бизнес субъектілеріне 275 миллиард теңге көлемінде бұрын сонды болмаған қаржылық көмек жасалды. Әкімшілік кедергілерді табанды қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылуда.

Осы іс-шаралардың барлығы экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың аса маңызды ынталандырудың біріне айналды.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2009 жылы 6 наурыздағы «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты жолдауында: «Біздің болашағымыз инфрақұрылымды дамыту мен экономиканы әрі қарай модернизациялаудан тұрады. Біз перспективті инвестициялық жобаларды қаржыландырып жүзеге асыруымыз қажет» деп көрсетілгендей қазіргі таңда басты міндет жүзеге асқалы тұрған жобаларды аяқтау.

Қазақстан Үкіметінің экономикалық саясатын толығымен елдің либералды экономикасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, бірақ әлемдік дағдарыс жағдайында нарық механизмдері толық жұмыс жасай алмайды және мемлекет экономиканың тұрақтылығына жету үшін экономиканы басқаруды «қолмен» басқару әдісіне көшуіне мәжбүр.

Мемлекет инвестициялық жобалардың әрқайсысының орындалуын қадағалап, қажет жағдайда әртүрлі көмек беріп отыр.

Елдегі инвестициялық жобаларды жүйелеп екі топқа біріктіруге болады:

- Индустрия және сауда министірлігі мен әкімшілік бақылаудағы инвестициялық жобалар;
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін саладағы инвестициялық жобалар.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры Басқармасының шешіміне сәйкес 2009 жылы ақпанда Инвестициялық комитет құрылды. Ол барлық ірі инвестициялық жобаларды қарастырып және жобаларды жүзеге асыруға бөлінген құралдардың мақсатты жұмсалуды бойынша шешім қабылдайды.

Қазіргі таңда «Самұрық-Қазына» Қорының Инвестициялық комитеті 19 жобаны қарастырып, 6 жобаны қарауға дайындап жатыр.

«Самұрық-Қазына» Қоры қаржы институттары қолдап отырған 116 инвестициялық жоба іске асу сатысында тұр. Оның ішінде:

- 19 жоба құрылыс индустриясы бойынша;
- 17 жоба көлік және байланыс саласы бойынша;
- 11 жоба тамақ өнеркәсібі бойынша;
- 9 жоба энергетика саласы бойынша;
- 8 жоба химия өнеркәсібі бойынша;
- 7 жоба металлургия саласы бойынша;
- 6 жоба текстиль өнеркәсібі бойынша;
- Қалғаны экономиканың басқа да саласы бойынша.

Аймақтық деңгей бойынша салыстыра келгенде қаржы институттарының көмегімен іске асып отырған жобалардың көп бөлігі Алматы қаласында (16 жоба) және Алматы облысында (13 жоба). Маңғыстау, Оңтүстік - Қазақстан облыстарында және Астана қаласында 10 жобадан іске асу сатысында тұр.

Ең аз объект саны Қызылорда облысында (1 жоба), батыс – Қазақстан және Солтүстік – Қазақстан облыстарында (2 жобадан), Ақмола, Жамбыл және Қостанай облыстарында (3 жобадан).

Қаржы институттарының көмегін алған инвестициялық жобалардың жалпы бағасы 1 триллион 418,9 миллиард теңге. Соның ішінде қаржы институттарының қатысы 317 миллиард теңге.

Ең жоғары бағалы жоба Атырау облысына тиісілі (761,2 млрд.теңге, қаржы институтының қатысы – 15,2 млрд.теңге), Астана қаласында (140,3 млрд.теңге, қаржы институтының қатысы – 39,8 млрд.теңге), аймақаралық жобалар (101,3 млрд.теңге, қаржы институтының қатысы – 57,7 млрд.теңге).

Қаржы институтының көмегімен іске асырылатын жобалардың жеке бизнес арқылы жүзеге асырылуы 16290 жұмыс орнын жаңадан ашады. Соның ішінде 9126 жұмыс орны Алматы қаласында, 1521 жұмыс орны Оңтүстік - Қазақстан облысында, 1315 жұмыс орны Павлодар облысында, 936 жұмыс орны Қостанай облысында, 726 жұмыс орны Ақтөбе облысында, 702 жұмыс орны Астана қаласында.

Қазіргі таңда Әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы 102 жобаны қамтиды, олар аймақтың деңгейін көтеру үшін және дамытуға бағытталған. Жобаның көбі Алматы, Қостанай және Қарағанды облыстарында.

Әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы жобаларының құны жағынан Алматы, Қостанай және Қарағанды облыстары алдыңғы орында. Бұл таукен және өндіру өнеркәсіптеріндегі капитал сыйымдылығы жоғары жобалардың іске асуымен байланыстырылады.

Әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы жобаларының жалпы құны 2 триллион 583,2 миллиард теңгені құрайды. Осы жобалардың арқасында 12 мың 654 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. [3]

Бүгінгі таңда «Каспий» Әлеуметтік - кәсіпкерлік корпорациясы қоржыны 28 инвестициялық жобалардан тұрады. Оның ішінде Форт-Шевченко қаласында темірбетон өнімдерін өндіретін зауыт құрылысының стратегиялық маңыздылығы өте жоғары.

Агроөнеркәсіп саласын дамыту, тамақ өнеркәсібінің қауыпсіздігін қамтамасыз ету және ішкі нарықты тұтыну өнімдерімен толтыру мақсатындағы жобалар да маңызды орынға ие. [3]

Дағдарысқа қарсы шаралар арасындағы іс-шараларға жұмсалатын қаражат көлемі 120 миллиард теңге. Бұл 2009 жылы шағын және орта бизнесте 4688 жаңа өндіріс орындарын ашылуды көздейді, соның арқасында елде 5751 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

«Алғашқы біріккен мұнайхимия кешенінің құрылысы» инвестициялық жобаның іске асуына дайындық аяқталып келеді. Бұл кешен әлемдік деңгейдегі жылына 1 млн. 250 мың тонна өнім шығару қуаттылығымен жұмыс жасайтын мұнайхимия өндіріс базасы болып табылады.

Кешен ЕЭА-тың негізгі өндірістік бірлігі болып келеді, осы базаның арқасында бірнеше басқа өндіріс ұйымдастырылуы жоспарлануда. Қытай, Батыс және Шығыс Еуропа нарығына өнімнің негізгі бөлігін шығару жөніндегі маркетингтік жоспар дайындалуда.

Өнімнің белгілі бір бөлігі Қазақстанда қалады, ол ЕЭА-та шағын және орта бизнестің соңғы өнімі өндірісті және аралас өндірісті дамыту үшін қажет.

ҚР Үкіметінің 2008 жылы 20 қарашадағы № 1073 өкіміне сәйкес «2008 жылы Мемлекеттік бюджеттен несие ресурстарын ұсыну жағдайын анықтау үшін «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамы Атырау қаласындағы алғашқы біріккен газ химия кешені инфрақұрылымының құрылысына» 10 млрд. теңге несие ресурстары мемлекеттік бюджеттен бөлінген.

Қазіргі таңда инвестициялық салымдар үшін ең маңызды және тартымды сала таукен өнеркәсібі болып отыр, оның жалпы инвестициялық салымдардағы үлесі 33,1 пайызды құрайды, ал барлық инвестициялық бағыттардың төрттен бір бөлігі көлік және байланысты дамытуға арналған.

Мұнайгаз тасымалдау инфрақұрылымын дамыту бағытындағы Каспий шельфі кен орнын игеру. Осыған байланысты экспорттық жүйені жаңарту мен кеңейтуге байланысты жұмыстар маңызды болып тұр. Қазіргі таңда Қазақстанда жұмыс жасайтын мұнай өндіретін компанияларға қазақстандық

мұнайды тұрақты және өте тартымды өкізу нарығын таңдау мүмкіндігі бар жүйе жасалынып отыр.

«Ақтау теңіз порты» ЕЭА территориясында 2010 жылдың басынан бастап құны 2,6 млрд. АҚШ долларын құрайтын 5 жаңа инвестициялық жоба іске асырылу жоспарлануда. Бұл 1200 жұмыс орнын ашады.

Олардың бірі «Каспий Азот» ЖШС аммиак-карбомидтік кешен құрылысын жоспарлауда. Құны 650 млрд. АҚШ долларын құрайды. Зауыттың негізгі өнімі аммиак және түйіршектелген карбомид.

«Caspian Contractors Trust» ЖШС аммиак және корбамид минералды тыңайтқыштарын өндіретін өнеркәсіптік кешен салуды жоспарлауда. Жобаның құны 1 млрд. 915 млн. АҚШ доллары.

«ХаКоОйл» ЖШС жалпы құны 17 млн. АҚШ долларын құрайтын мұнай және мұнай тектес қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салуды жоспарлауда.[3]

Шетелдік инвестицияларды тарту мен отандық және шетелдік инвесторларды көтермелеу Қазақстан Республикасының аса маңызды қағидаттарының бірі болып табылады. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары ретінде инвестициялық салық және кедендік преференциялар, мемлекеттік заттай гранттар және «инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтің басым түрлерінде кәсіпорындардың тіркелген активтеріне қаржы салуды жүзеге асыратын инвесторларға берілетін бірқатар кепілдіктер пайдаланылатын болады.

Экономикалық тұтқаларды қолдану ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралармен толықтырылуға тиіс. Қазақстан Республикасы мен оның өңірлерінің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты беру көлемі мен сапасы инвесторлар тарапынан ел экономикасына капитал салу туралы шешім қабылдауға елеулі әсер етеді.

Жеке инвестициялар тарту және «серпінді жобаларды» іске асыруға арналған жағдайларды одан әрі жақсарту мақсатында мынадай шаралар қажет:

- корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру;
- кәсіпорындардың қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына көшуін жетілдіру;
- мемлекеттік даму институттарының жұмысын үйлестіруді күшейту, олардың қызметінің машықтығын арттыру жөніндегі іс-қимылдарды жандандыру;
- отандық бизнестің, әсіресе экспорттаушылардың мүдделерін ескере отырып, ірі халықаралық жобаларды қаржыландыруға қазақстандық қатысуды қамтамасыз ету бөлігінде халықаралық қаржы институттарымен жұмысты жандандыру;

- оның қызметін шығындық негізде республикалық бюджет тқаражаты есебінен жыл сайын қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай уәкілетті ұйым құру.

Компаниялар ашу, салықтар төлеу, лицензиялау, сауда, банкроттық, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі рәсімдерді оңайлатуға бағытталған шараларды іске асыру арқылы елдің инвестициялық ахуалын жақсарту жоспарлануда.[2]

Сонымен, Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіру мақсатына қол жеткізу үшін ұлттық өнеркәсіптің құрылымын өзгертуге қабілетті, елеулі қосымша құны, бүкіл экономика үшін әсері, экспорттық және ресурс үнемдеуші әсері бар «серпінді» макрожобаларды, микрожобаларды іске асыруға кірісу қажет.

Манызды мәселе инвестициялық ресурстарды активтендіру, сонымен қатар экономиканың тұрақты өсуіннің нақты шараларын іске асыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы қиын-қыстау кезеңде жұмыстан бос халқымызға жұмыс орнын бере отырып олардың әлеуметтік деңгейін көтере аламыз, елімізде жетіспейтін өндіріс орындарын ашуға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар, нарықты отандық тауарлар мен қызметтермен толтыруға және бәсекелестік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Подшиваленко Г.П., Киселева Н.В., Инвестиционная деятельность, Учебное пособие, М.: КНОРУС, 2006 г., 105бет.
2. Международный деловой журнал KAZAKHSTAN №5/6, 2008 г.
3. Интернет жүйесі: <http://www.inform.kz>,

<http://www.tumba.kz>